

"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 шілдедегі № 21-13 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы N 25-8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 сәуірде N 3852 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 27-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 02.07.2018 № 27-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 - бабының 2 - 3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Тарбағатай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 шілдедегі № 21-13 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3459 нөмірімен тіркелді, "Тарбағатай" газетінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 74 санында жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

9 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

9. Атаулы күндер мен мереке күндеріне бір реттік әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына көрсетіледі:

1) Ауғанстан аумағынан әскерлерді шығару күні, интернационалист-жауынгерлерді еске алу күні - 15 ақпан - басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарға қатысушыларға - 65000 (алпыс бес мың) теңге;

2) Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз: "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналарға; төрт және одан асқан бірге тұратын кәмелетке толмаған, соның ішінде жалпы білім беретін орта мектептерде, күндізгі оқыту нысанында жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында оқитын, кәмелетке толғаннан кейін оқу орындарын аяқтаған мерзімге дейін, бірақ 23 жастан аспайтын жасқа дейінгі балалары бар көп балалы отбасыларға - 10 000 (он мың) теңге;

3) Халықаралық радиациялық авариялар мен апаттар құрбандарын еске алу күні - 26 сәуір:

1986 - 1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға – 65 000 (алпыс бес мың) теңге;

4) Жеңіс күні - 9 мамыр: Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына – 210 000 (екі жүз он мың) теңге;

Қайталап некеге отырмаған қаза тапқан Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен қатысушыларының зайыптарына – 60 000 (алпыс мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталғандарға – 30 000 (отыз мың) теңге;

Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға – 24 000 (жиырма төрт мың) теңге;

5) Қазақстан Республикасының Конституция күні – 30 тамыз: 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғаларға - 5000 (бес мың) теңге.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Тарбағатай аудандық

мәслихатының хатшысы

М.Қалымбеков

М.Мағжаев

